

¹Медерова Д.Е.  ²Нурманова А.Ш.  ³Тұрарова А.Т. 
^{1,2,3}Р.Б. Сүлейменов атындағы шығыстану институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: ¹ mederovadina@gmail.com, ² aitzhan.nurmanova@gmail.com,
³ arabisty.02@mail.ru

МҰСЫЛМАН ҚҰЛПЫТАСТАРЫНДАҒЫ ӨЛІМНІҢ ТІЛДІК МАРКЕРЛЕРІ: АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР МЕН ОРТАҚ КОНСТАНТАЛАР (ТҮРКИЯ, РЕСЕЙ ЖӘНЕ ОРТА АЗИЯ МЫСАЛЫНДА)

Аңдатпа. Мақала тақырыбының мақсаты мен міндеттері Орта Азия, Ресей (Татарстан, Дағыстан) және Түркия аймақтардағы мұсылман ескерткіштері мәтінінде белгіленуінің ортақ және ерекше көрсеткіштерін құлпытас мәтіндерінде кездесетін сөздік құрылымдар арқылы қарстырып, өлімнің негізгі тілдік маркерлерін анықтау. Алғашқы рет тіл білімі, исламтану және тарих ғылымы тұрғысынан үш түрлі тарихи-мәдени ареалдағы өлімнің тілдік маркерлері салыстырмалы түрде қарстырылуы зерттеудің жаңашылдығы болып табылады. Зерттеудің деректік қоры мен әдістері. Авторлардың соңғы он шақты жылдары Қазақстан, Ресей (Дағыстан, Татарстан, Астрахань өңірінде), Өзбекстанға (Хорезм) жүргізген далалық экспедициялар кезінде жинақталған фотоматериалдар, басылымдар, Түркия бойынша жарық көрген зерттеу мақалалары мен кітаптар. Салыстырмалы және контент анализ (тілдік маркерлердің қолданылу жиілігін санау), тілдік-мәдени және семиотикалық әдістері қолданылды. Зерттеудің негізгі міндеттері мен бағыттары ортақ діни негізде бола тұрса да неліктен осындай анық аймақтық ерекшеліктер туындауының себебін ашу, Исламға дейінгі түпнегіздің (субстарт), жергілікті тілдердің және геополитикалық өзгерістердің (Орта Азия мен Кавказда Кеңес үкіметі саясаты, Түркияда модернизация) тілдік маркерлердің ауысуына әсерін анықтау. Зерттеу барысында мұсылман эпитафияларындағы ортақ константалар мен ерекшеліктері анықталады. Құлпытас эпитафиясында кездесетін араб тіліндегі сакралды формулалар: Құран аяттары, хадистер, еске алу мен кешірім тілеген формулалар. Орта Азиядағы өлім түсінігінің вербалды маркерлерінің аймақтық ерекшеліктері: түркітілді және парсытілді поэтикалық формулалардың (марсийа) қолданылу ерекшеліктері. Кеңес саясатының тілдік маркерлердің өзгеріске ұшырауына тигізген әсері. Түркия – Осман және Жаңатүрік замандары, 1928 жылғы тілдік реформалардың (латиницаға ауысу, тілдік секуляризация) эпитафиялардың тілдік кодтарына әсері. Қорытынды. Эпитафиялық мәтіннің тұғыры Ислам канондарына негізделіп қалған, дегенмен ұлттық және тілдік ерекшеліктер тілдік маркерлердің көптүрлілігі арқылы көрініс табады. Зерттеудің теориялық және қолданымдық маңызы осы салада алдағы уақытта жүргізлетін зерттеулер перспективасын ашу мүмкіндігімен анықталады.

Алғыс. Мақала ҚР ҒЖБМ «Зияткерлік тарихты зерттеудегі мәдени ескерткіштердің маңызы (Ақмола өңірі қорымдарындағы эпиграфика материалдары негізінде)» (ЖТН: АР26198545) гранттық жобасы аясында әзірленді.

Кілтті сөздер: Құлпытас, эпиграфия, эпитафиялық мәтін, өлім түсінігі, тілдік маркерлер, ортақ константалар.

Кіріспе

Зерттеудің өзектілігі. Мұсылман жерлеу эпиграфикасы материалдық және рухани мәдениеттің бірегей ескерткіші, оның құндылығы тарихи-мәдени және тілдік тұрғыдан тең дәрежеде дереккөз бола алатындығы айқындайды. Эпиграфикалық ескерткіштер заман талайына төтеп берген тілдік-көрнекілік куәлік ретінде, жазба дереккөздерде кездеспейтін

мәліметтерді жеткізеді. Құлпытастар белгілі бір қоғамның өнімі (дәстүрі), оны әр түрлі пішін мен нұсқада жасап, өзіндік ғұрыптық дәстүрдің бір парасы етіп, бұл дәстүрге өзіндік мазмұн беріп отырған.

Эпитафиялық жазбалар тарихи-мәдени көзқарас тұрғысынан алғанда белгілі бір заманның дүниетанымының, әлеуметтік құрылымының, құндылықтар жүйесінің көрсеткіші деуге болады. Оның маңызын ашатын көрсеткіштер: біріншіден, тарихи мәліметтерді нақтылау: хронологиялық маркерлер, яғни нақты жылдарды (хиджри, милади), есімдер, шежіре деректері, марқұмның әлеуметтік мәртебесі (діни, сопылық лауазымдар, әскери шендер, т.б.) көрсетіледі. Бұл өз кезегінде локалды тарихты, көші-кон үрдістерін, рулық шежірені жаңғыртуға мүмкіндік береді. Екінші, мәдени синкретизм және исламның жергілікті ерекшеліктері. Құлпытас мәтіндері ислам дінінің әр-түрлі халықтар арасына бейімделіп, таралу ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Яғни, исламға дейінгі наным-сенімдер (мысалы, Орта Азиядағы көшпелі түрік дәстүрлері, немесе Кавказ адаттары) мен Құран догматикасының өзара кірігуі бірегей (уникалды) жергілікті мұсылмандық сенім түрлерін қалыптастырды. Үшінші, әлеуметтік-мәдени семиотика. Ескерткіштің пішіні, ою-өрнегі және каллиграфиялық жазу стилі мәтінмен ұштаса отырып, қолөнердің даму деңгейін ғана емес, сол қоғамның эстетикалық талғамы мен экономикалық мүмкіндіктерін де көрсетеді.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Авторлардың соңғы он шақты жылдары Қазақстан өңірлеріне, Ресейге, Өзбекстанға жүргізген далалық экспедициялар кезінде жинақталған фотоматериалдар, басылымдар, Түркия бойынша жарық көрген зерттеу мақалалары мен кітаптар ұсынылып отырған мақаланың негізгі деректік қоры болды.

Атап айтар болсақ Ресейге (2023 ж., 3-14 шілде аралығы) Волгоград, Астрахань облыстарына, Дағыстан Республикасы Ноғай ауданы Терекли-мектеб ауылы, Дербент қалашығындағы мұсылман қорымдарының эпиграфикасы жинақталып, эпитафиялық мәтін материалдары осы мақалада пайдаланып отыр. Өзбекстан Республикасы Хорезм аймағына (2024 ж. 28 көкек – 11 мамыр) арасында жүргізілген далалық экспедиция барысында «Миздакхан» кешені, «Дәуіт Ата», «Күнті Баба» т.б. қорымдар зерттеліп эпиграфикалық материалдар жинақталды. Татарстан жеріне (2024 ж. 28 мамыр – 7 шілде) күндері татар эпиграфист ғалымдарымен пікір алмасып, «Татар зираты» қорымында зерттеу, жинақтау жұмыстары атқарылды. Қазақстан бойынша 2004 жылдардан бері үздіксіз жүргізіліп келе жатқан далалық экспедиция материалдары, солардың негізінде жарияланған ғылыми мақалалар мен кітап, кітап-альбомдар кеңінен пайдаланылып отыр.

Мақалада аталған экспедициялар барысында жиналған материалдар мен алынған әдіс-тәсілдер, тәжірибелер, эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеуде барысында қолданылатын тарихи, деректемелік, филологиялық, палеографиялық, текстологиялық, хронологиялық, этнолингвистикалық және салыстырмалы, салғастырмалы зерттеу әдістері негізге алынды.

Әдістемесі. Салыстырмалы және контент анализ (тілдік маркерлердің қолданылу жиілігін санау), тілдік-мәдени және семиотикалық әдістері қолданылды. Зерттеудің негізгі міндеттері мен бағыттары ортақ діни негізде бола тұрса да неліктен осындай анық аймақтық ерекшеліктер туындауының себебі, Исламға дейінгі түпнегіздің (субстарт), жергілікті тілдердің және геополитикалық өзгерістердің (Орта Азия мен Кавказда Кеңес үкіметі саясаты, Түркияда модернизация) тілдік маркерлердің ауысуына әсерін анықтау.

Зерттеу барысында мұсылман эпитафияларындағы ортақ константалар мен ерекшеліктері анықталады. Құлпытас эпитафиясында кездесетін араб тіліндегі сакралды формулалар: Құран аяттары, хадистер, еске алу мен кешірім тілеген формулалар, Орта Азиядағы өлім түсінігінің вербалды маркерлерінің аймақтық ерекшеліктері: түркітілді және парсытілді поэтикалық формулалардың (марсийа) қолданылу ерекшеліктері. Кеңес саясатының тілдік маркерлердің өзгеріске ұшырауына тигізген әсері. Түркия – Осман және

Жаңатүрік замандары, 1928 жылғы тілдік реформалардың (латиницаға ауысу, тілдік секуляризация) эпиграфиялардың тілдік кодтарына әсері қарастырылды.

Талқылау

Құлпытас эпиграфиясы мәтінінде өлімнің вербалды түрде жеткізілуінің аймақтық ерекшеліктері мен ортақ константаларын қандай да бір дәрежеде қозғаған Орта Азия, Кавказ, Татарстан, Түркия құлпытастары мен олардың эпиграфиясы бойынша негізгі зерттеулерді қарастырып, тарихнамасын зерделесек. Орта Азия эпиграфикасын зерттеудің ХІХ ғасырдың соңынан В.В. Бартольд, Н.И. Веселовский, т.б. белгілі абыройлы ғалымдар бастаған терең академиялық дәстүрі қалыптасқандығы көпшілікке белгілі. Бұл зерттеулер қазыргі заманғы зерттеушілер тарапына жалғасын тауып отыр.

Қазақстан аумағындағы эпиграфикалық ескерткіштер – көне және ортағасырлық қоғамдардың саяси тарихын, этникалық құрамын, діни дүниетанымын, тілдік ортасын және мәдени байланыстарын зерттеуге мүмкіндік беретін маңызды жазба деректер болып табылады және олардың зерттелу тарихнамасы алғашқы сипаттамалық мәліметтерден қазіргі кешенді зерттеулерге дейінгі ұзақ жолдан өтті. Оларды алғашқы мәліметтер жинақталған кезең, ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы ғылыми сипаттау жұмыстары, кеңестік кезеңдегі археологиялық-эпиграфикалық зерттеулер, тәуелсіздік жылдарындағы кешенді және пәнаралық зерттеулер деп шартты түрде төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады. «Эпиграфикалық мұра – тарихымыздың деректік көзі» атты мақалада «эпиграфикалық ескерткіштердің хатталу түрі бойынша қазақ жерінде руна жазулы (көне түркілік), соғды, сир жазулы (несториондық ескерткіштер), тибет жазулы (пұтқа табынушылық), көне ұйғыр жазулы араб қарпімен жазылған ескерткіштер түрлері сақталғанына» тоқталып өтіп, олардың зерттелуіне шолу жасалған (Нұрманова, 2015: 228–245).

Жерлеу ескерткіштеріне арналған зерттеулерге тоқталып өтсек, белгілі ғалым С.Е. Әжіғалидің еңбектерінде Батыс Қазақстан, Арал-Каспий өңіріндегі қорымдар, кесенелер, сағанатамдар, құлпытастар, қойтастар, сандықтастар және олардың сәулеттік-көркемдік ерекшеліктері зерттелген. Жерлеу ескерткіштерінің типологиясы, аймақтық мектептері, рулық таңбалары мен этномәдени қызметі анықталған (Аджигалиев, 1994; Ажигали, 2002). Маңғыстаудағы Шақпақ ата жерасты мешіті мен оның маңындағы Сейсем ата және т.б. қорымдарда сақталған араб графикалы жазулар зерттеліп мәтіндер оқылып, транскрипциясы мен аудармасы берілген, кісі есімдері, сопылық ұғымдар, Құран аяттары, діни формулалар және келушілер қалдырған жазулар талданған (Шақпақ-ата..., 2009; Сейсем Ата..., 2015).

2014 жылғы Батыс Қазақстан облысына жасалған экспедиция нәтижесінде «Мәулімберді», «Тайқожа», «Ескі Есім – «Төре бейіті», «Төлеңгіт қауымы», «Саңғырық», «Хан зираты», Атырау облысындағы «Мәтен қожа, әулие» қорымдары зерттеліп, құлпытастарының эпиграфиялары оқылды, Мәулімберді кешенінен басқасы (араб тілінде) классикалық түркі-шағатай тілінде жазылғаны анықталды. Осы зерттеудің нәтижесінде Қазақстанның эпиграфиялық ескерткіштерінің бірыңғай корпусын құру міндеті тұрғанын айқындалып, осындай тарихи жазбаларды жалпылау және салыстырмалы түрде зерттеу Қазақ мемлекеттілігінің тарихы мен эволюциясын, қазақ қоғамының әлеуметтік тарихын, ұлттық мәдениеттің дамуының әртүрлі аспектілерін зерттеудегі көптеген міндеттерді шешуге мүмкіндіктер беретіні түйінделді (Муминов, Нурманова, Медерова, 2014: 224–236).

2012–2013 жылдары Астана қаласындағы Қараөткел қорымын «Археологиялық экспертиза» ЖШС археологиялық тұрғыдан зерттеді. Зерттеу барысында ескерткіштердің Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіші ретінде паспорттау, инвентарлық нөмірлер беру, төрт тараптан фотоларын түсіру, өлшемдерін алу, сипаттау, тарихи-мәдени объект ретінде есепке алу карточкалары түзілген.

Ақтөбе облысындағы Абат-Байтақ қорымын зерттеуге арналған еңбекте 243 эпиграфикалық нысан сипатталып құлпытас мәтіндерінің транскрипциясы жасалып, орыс

және ағылшын тілдеріне аударылып, фотосуреттері, кісі есімдері мен көрсеткіштері берілген. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі араб графикалы эпитафиялар, діни формулалар, әлеуметтік атаулар, туыстық байланыстар және шеберлік дәстүрі зерттелген (Мүминов, Дүйсенов, 2023).

Жерлеу ескерткіштеріндегі мәтіндер оқылып, транскрипциясы мен аудармасы беріліп, кісі есімдері, сопылық ұғымдар, Құран аяттары, діни формулаларға зерттеулер жүргізілуде, лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты қарастырылмай, әсіресе құлпытастардағы өлімнің тілдік маркерлері зерттеушілердің назарынан тыс қалып отырғаны анық.

Қазақ халқы өзінің дәстүрлі дүниетанымында өлім адамның тіршілігінің біржола тоқтауы ретінде ғана емес, оның бұл дүниеден басқа әлемге өтуі, рухтың тәннен бөлінуі және адамның Жаратушыға оралуы ретінде қабылдаған. Бұл түсінік тілімізде өлімді тікелей атамай, астарлап, жұмсартып жеткізетін көптеген сөздер мен тұрақты тіркестердің қалыптасуына негіз болды. Атап айтсақ, «қайтыс болды», «қайтты», «дүниеден өтті», «өмірден озды», «дүние салды», «бақилық болды», «көз жұмды», «дәм-тұзы таусылды», «ақтық сапарға аттанды», «баянсыздан баяндыға көшті», «қаза тапты», «шейіт болды», сияқты қолданыстар – қазақ халқының өлімге қатысты діни сенімін, дүниетанымын және қарым-қатынас мәдениетін танытатын этнографиялық мәні бар тілдік бірліктер.

Тіл білімі саласының мамандары «қазақ арасында қалыптасқан салт бойынша да қайтыс болған адамның жақындарына қазаны бірден естірте салмаған. Суық хабарды мүмкіндігінше астарлап, тұспалдап немесе жұмбақтап сездіруге тырысқан. Әдетте ауыр қайғыны эвфемистік мағыналы сөздерден бастап көңіл айту, жұбату сөздермен аяқтап отырған» деп тұжырымдайды (Ахметов, 2015: 133). Этнолингвистикалық сөздікте «өлді» деген суық сөздің өзі емес, оның өзін білдіретін тіліміздегі жүздеген эвфемистік баламаларын және олардың «өлім» түріне байланысты мотивтерін (уәждерін) айқындап көрсете отырып, «өлді» деген сөздің киелі (сакралды) қасиетіне байланысты қолданылатын эвфемистік баламаларының көпшілігі көркем, айшықты, бейнелі тұрақты тіркеске айналған және әр алуан логикалық, діни, мифтік, салттық т.б. мотивтерден туындаған» атап көрсетеді (Әбдуәли, 2009: 750). Сонымен қатар «Адам (ол Алланың пендесі) екі дүниеде (о дүние мен бұ дүниеде де) бірдей ғұмыр кешіrmек және ол бұ дүниеден уақытша жасаса, оның қалған барша ғұмыры о дүниеде (оның пейішiнден жаннатyнда, не тозақ-тамұғында) өткізбекші. Бұ дүние, демек, Адам үшін уақытша, фәни (яғни жалған, алдамшы) өмір де, шынайы да мәңгі-бақилық ғұмыр о дүние. Сондықтан да «өлді» деген сөздің бір баламсы – «фәниден бақиға көшті» тіркесі, оның мотиві де осы. Аңыз бойынша: Адам топырақтан жаралған. «Қара жер өз қойнына алды!» баламасының жасалу мотиві – «жерден» (топырақтан) пайда болған Адам сол жердің өзімен қайтадан қауышты» дегенге барып саяды» деп тұжырымдайды (Әбдуәли, 2009: 750). «Өлді» сөзінің жүзге тарта эвфемистік баламалары ұсына отырып, өлімнің түрлері мен оған қатысты ұғымдардың мағынасы ашып көрсеткен (Әбдуәли, 2009: 750–755).

Тіпті кейінгі уақыттарда «қабір», «зират» және «жерлеу» сияқты ұғымдарды білдіретін сөздер де эвфемизмге ұшырағанын, мысалы, «қабір» сөзінің орнына «орын» немесе «жай» (яғни «мекен») сияқты эвфемизмдер жиі қолданылатыны, ал «өлік» (немесе мәйіт) сөзінің орнына құлаққа жағымдырақ сөздерді: «сүйек», «дене» немесе «мәйіт» (марқұмның денесі) сөздерін, «көму» сөзінің орнына «қою» немесе «жерлеу» сөздерін қолдану қалыптасқан деген пікір білдіреді тілшілер (Оналбаева, Орынханова, Аскарова, 2020: 166).

Зерттеудің нақты тақырыбына, яғни эпитафия мәтініндегі өлім түсінігіне байланысты зерттеулер жоктың қасы.

Соңғы жылдары «Архитектурная эпиграфика Узбекистана» (Архитектурная... 2015) атты өзбек, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көрген кітаптар эпиграфика ғылымына ерекше сілкініс әкелді. Қарақалпақстан, Сурхандарья, Самарқанд, Навои, Хиуа, Наманған, Әндіжан, Ташкент, Бұхара мен Ферғана т.б. эпиграфикалары жарияланды. Осынау жұмыстарды жүзеге асырған өзбекстандық белгілі шығыстанушы ғалым Бахтиёр Бабаджанов бастаған арабтанушы, каллиграф, эпиграфист ғалымдардан құралған топ мүшелері Комилжон Рахимов,

Бобур Аминов, Салимахон Файзиева, Максет Карлыбаев, Абдулатиф Турдиалиев, Елизавета Некрасова және т.б. Заманауи Б.Бабаджанов, Ө. Муминов сияқты зерттеушілер құлпытас зерттеуді таза деректанулық саладан лингвокультурологияға қарай ауыстырып, құлпытас эпиграфикасының зерттеу ауқымы кеңіп, ғылымға қосар үлесі ұлғайды.

Кавказ эпиграфикалық ескерткіштері қоры ең бай өңірлердің бірі, оны зерттеу бірнеше монументальды зерттеушілердің еңбектері арқасында қатаң жүйеленген, атап өтер болсақ, XIX ғасырда алғаш болып Дағыстанның куфи жазуларын ғылыми зерттеген Н.В. Ханыков, Солтүстік Кавказ ескерткіштерінің үштомдық академиялық жинағын жариялаған Л.И. Лавров, дағыстандық белгілі арабтанушы А.Р. Шихсаидов жергілікті тілдік маркерлерді анықтап, канондық Исламның жергілікті исламға дейінгі жерлеу дәстүріне әсерін зерделеген.

Татарстанда да эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу ісі жақсы жүйемен жалғасып келеді. Қазіргі таңда татар эпиграфикасымен айналысып жүрген М.И. Ахметзянов, И.Г. Хадиев, Р.Ф. Марданов, В.М. Усманов, Д.Г. Мухаметшин, А.К. Бустанов және т.б. ғалымдар баршылық. Татарстан Ғылым академиясы Г. Ибрагимов атындағы Тіл, әдебиет және өнер институтының қолжазба, ғылыми және архивтік қор бөлімі базасында «Мирасханэ» Жазба және музыкалық мұралар орталығының жетекшісі Илхом Гумеровтің бастамасымен, эпиграфист ғалым Венер Усмановтың оқуы, аудармасымен Татарстанның XVII–XX ғасырлардағы арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштері «Мирасханэ» сайтында ашық ғаламторға жарияланып отыр (Мирасханэ... Электронный ресурс).

Түркия мемлекетінде эпиграфиялық ескерткіштердің көптеп сақталғандығы, оларды зерттеудің өзіндік дәстүрі, мектептері қалыптасып, жеке бір зерттеу саласы қалыптасқаны көпшілікке белгілі. Түркияда құлпытасарды (әсіресе Османлы кезеңін) зерттеу гуманитарлық ғылымдардың тәуелсіз және жоғары беделді саласына айналды. Халил Эдхем (Türkiye’de Epigrafi... 2025: 145–166) XX ғасырдың басында түрік академиялық эпиграфиясының негізін қалаушы болды. Ол Стамбул мен Анатолиядағы селжүк және османлы құлпытасарын жүйелі түрде каталогтаған алғашқы адам. Исмаил Хаккы Узунчаршылы (Uzunçarşılı, 1932) Анадолы эпиграфиясы бойынша көптеген деректер жинады. Оның еңбектері ескерткіштердегі вербалды формулаларды марқұмның әлеуметтік-саяси мәртебесімен байланыстырады. Фазыл Аян (Ayanoğlu, 2022) и Махир Из (İz, 2021) XX ғасырдың ортасындағы поэтикалық эпиграфияларды зерттеп, түрік тілі реформасынан кейін осман жазуын шешу әдісін жасаған негізгі мамандар. Қазіргі түрік ғалымдары Н. Ватансевер, Э. Илыкан некрополдарды (мысалы, Ашлат пен Вандағы селжүк зираттарын) шешу үшін ауқымды сандық жобалармен айналысады, вербалды белгілердің исламға дейінгі түркі элементтерінен қатаң осман канонына айналуын зерттейді.

Осы зерттеулер арасында өлім түсінігінің жеткізілу ерекшеліктерін эпиграфиялық, фольклорлық, діни мәліметтермен, түсініктермен салыстыра зерттеген жұмыстар жарық көрген. Атап айтар болсақ, І. Тосун бұрынғы Осман империясының астанасы болған Едірне қаласы қорымы құлпытасарындағы өлімге байланысты сөздік қорын (Tosun, 2021: 1–56) зерттеген. Бұл еңбегінде І. Тосун адамзат ерте заманнан бүгінгі күнге дейін өлімді жеңе алмағанмен, оған қатысты өзіндік көзқарас қалыптастырған, бұл көзқарасты өлшеу, жіктеу немесе зерттеу мүмкін емес, бұл түсінік абстрактілі не нақты формада болып, тұрған жері мен мәдениеті, күнделікті тұрмысы, наным-сенімі, арғы дүние түсінігі, әлеуметтік және экономикалық құрылымдарына, салт-дәстүріне, табиғатпен байланысы, өнер мен архитектура түсінігіне байланысты ерекшеленуі не ұқсас болуы мүмкін дейді. Бұл көзқарастың ең нақты да көрнекі құжаты жерлеу эпиграфикасы, ол Монғолиядағы Күлтегін, Білге Қаған, Тоныкөк ескерткіштерінен бастау алып, Енисей жазбаларында жалғасын тауып, бертінде жерлеу эпиграфияларында, архитектуралық құрылыс қабырғаларында, құлпытасарды сақталғанын атап өтіп, Едірне қаласы құлпытасарында сақталған араб, парсы, түрік тілдеріндегі өлім түсінігін беретін сөздерге талдау жасаған.

Түркиядағы құлпытас зерттеу саласы бойынша жазылған Ахмет Ачикгозоғлудың (Açikgözoğlu, 2009: 297–314) тарихнамалық зерттеуінен осы тақырыптағы тек 50 шақты кітап тарихнамалық сыни зерделеу елегінен өткізілген, қорытындысында аталмыш зерттеулердің санының бірнеше есе артқанын, тіпті бұл салаға қатысты библиографиялық зерттеулер диссертациялар тақырыбына алынып, жеке симпозиумдар да ұйымдастырылып тұрғандығын айтады. Мақалада зерттеу кітаптарын зерделей келе, олардың негізінен белгілі бір аймақ, не жекелеген қорымдарға, оны да бір жақты қарастырған, яғни тек аудармаларын беріп ғылыми зерттеулер жасалмағандығын, кей кітаптардың тек құлпытас безендірулеріне, кейбірі архитектуралық жағына көңіл аударса, тағы бірі тек поэтикалық шумақтарын зерттеуге, т.с.с., ғылымның жекелеген саласына арналғандығын атап айтады, яғни жалпылама кешендік зерттеулердің жоқтығын айтады, және де тарихи кезеңдер бойынша, не белгілі бір тарихи аумақ бойынша жүргізілген зерттеулер ұтымды болар еді дейді.

Жоғарыда аталып өткен аталмыш аймақтардың зерттеулерін зерделеу барысында, мақалада қарастырылып отырған нақты өлім түсінігін жеткізудің вербалды маркерлерін, оларды салыстырмалы түрде қарастырған еңбектердің болмағандығы анық болды.

Талқылау

Ресей жеріндегі мұсылман эпитафиялық мәтіндерін қарастырып өтетін болсақ. Татарстандағы Булгар қалашығының жерлеу ескерткіштеріндегі эпитафия мәтіндерінің құрылымын екі топқа бөліп зерттеген Д.Г. Мухаметшин мен Ф.С. Хахимзянов екі топтың да мәтіндері бірізді орналасқан айқындап, оларды жеті құрылымға бөліп қарастырған:

1. Мәтіннің басында Құрандық формула: «Ол – өлмейтін Тірі, ал барлық тіршілік иелері өледі», «Әрбір жан өлімді татады, содан кейін Бізге қайтарыласыңдар» (Құран, «Анкабут» сүресі, 57-аят) т.б. берілген.

2. Жерлеу рәсіміне қатысты берілген сөздер. Араб тіліндегі жазуларда ер адамдарға қатысты «қабір», ал әйелдерге қатысты «бақ» мағынасын білдіретін сөздер қолданылған. Екінші топтағы ескерткіштерде түркі тілдерінің грамматикалық заңдылықтарына сәйкес зират // зийарат («жерленген орын») және бәлүк («қабір басындағы белгі, ескерткіш») сөздері сөйлемнің соңында орналасқан.

3. Эпитеттер немесе теңеулер: «қарапайым», «тақуалы», «арлы» және басқа да эпитеттер әйел адамдарға қатысты қолданылса, ер адамдарға арналған эпитафияларда «асыл», «жомарт», «ізгі», «тақуалы» және т.б. сипаттаулар кездеседі.

4. Марқұмның есімі, атақтары мен шежіресі де эпитафия мәтінінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

5. Ізгі тілек формуласы: көбінесе «Уа, Құдайым, оны өлшеусіз рақымыңмен мейіріміңе бөлей гөр» деген мазмұндағы формула кездеседі, жекелеген ескерткіштерде: «Ұлы Алла оның қабірін суарсын, оған жәннаттан мекен берсін, күнәларын кешіру және жарылқау арқылы рақым етсін және оны жәннат мекендеріне орналастырсын» деген мазмұндағы тілек формуласы сирек қолданылады.

6. Өлім ұғымын білдіретін сөздер немесе сөз тіркестері. Мұндай қолданыстарға «Ол Ұлы Алланың рақымына берілді», «Аллаға қайтты» және тағы басқа тіркестер жатады. Осылайша, эпитафиялық мәтіннің құрылымы кездейсоқ қалыптасқан сөздер жиынтығы емес, діни, мемориалдық және ақпараттық қызметтерді қатар атқаратын тұрақты компоненттер жүйесі болып табылады. Оның негізгі ерекшелігі – адамның өлімін тікелей «өлді» сөзі арқылы ғана емес, Алланың рақымына өту, Аллаға қайту, қабірге орналасу секілді діни-метафоралық құрылымдар арқылы бейнелеуінде.

7-ші кезекте дата, әдетте, сөзбен беріледі, алайда ертеректегі ескерткіштерде сандық белгілеулер де кездеседі. Сондай-ақ жыл, ай, күн, аптаның күн атаулары нақты көрсетіліп беріледі деп тұжырымдайды (Мухаметшин, Хахимзянов, 1987: 47–50).

Зерттеу нәтижелері

Татарстандағы ең көне қорымдарының бірі – Чистополь қаласының Бірінші татар мұсылман зираты. Осы зиратты зерттеген Д.Г. Мухаметшин, Р.Г. Насыров «Эпитафиялық мәтіндердің көпшілігінің міндетті элементтерінің бірі – өлім фактісін баяндау. Ислам догматикасы тұрғысынан алғанда, өлім адамның өмір сүруінің соңы болып саналмайды. Ол адам өмірінің бұл дүниелік кезеңі аяқталып, одан кейінгі кезең – о дүниедегі өмірі басталатын шекара ретінде түсіндіріледі. Осы себепті эпитафиялық мәтіндерде өлімді білдіру үшін «өлді» (татар тілінде «үлде») ұғымы іс жүзінде қолданылмайтын» атап өтеді. Сонымен қатар осы мұсылман зиратындағы құлпытастарда «үлде» сөзі қайтыс болған адамға қатысты кеңестік кезеңге жататын ескерткіштерде кездесетіні және ескерткіште символдық белгі ретінде КСРО-ның мемлекеттік елтаңбасы орналастырылғаны мен оларды жасауға тапсырыс берушілердің діни көзқарастан алшақ болғанын да айқындап жазған.

Қорымда кейбір ескерткіштерде «үлгән» («қайтыс болған», «өлген») термині «туған» сөзіне қарама-қарсы мағынада қолданылған. Татар-мұсылмандары «үлде» сөзін негізінен адамның табиғи емес жағдайда қайтыс болуын білдіру үшін қолданған. Бұл ерекшелік ортағасырлық эпитафия мәтіндерінен де көрінеді. Мысалы, Татарстан Республикасының Алькеев ауданындағы Тяжбердино ауылы маңындағы құлпытаста «үлте» термині кездеседі. Аталған ескерткіш 1306/1307 жылы суға батып қайтыс болған адамның қабіріне қойылған.

Татар зираттарында ескі тарихи ескерткіштердің шамамен үштен бірінде адамның қайтыс болғанын білдіру үшін «вафат», «вафат булды» терминдері қолданылған. Бұл дәстүр XIII–XIV ғасырлардан бастау алады. Ескерткіштердің шамамен осындай бөлігінде осы терминнің араб тіліндегі нұсқалары – «тәвәффә» және «тәвәффәт» кездеседі. Татар слободасы ескерткіштерінде бұл екі нұсқа да XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қолданыла бастаған.

Көне ескерткіштерде өлімді білдіретін араб тілінен енген «мәрхұм» («Алланың рақымына ие болған»), «мәтуф» («марқұм», «қайтыс болған»), «мәдфун» («жерленген») тәрізді формалар да кездеседі. Сонымен қатар «Дәрел-фәһәдин дәрел-бәкайе рихләт кылды» («Фәһи дүниеден мәңгілік дүниеге көшті») деген поэтикалық тіркес және оның әртүрлі нұсқалары қолданылған.

Өлімді басқа дүниеге өту немесе қоныс аудару ретінде бейнелейтін метафоралық тіркестер де кездеседі. Олардың қатарына жекелеген қолданыстар ретінде «күчде» («көшті»), «нәкыль кылды» («көшірілді», «ауысты»), «иртәхәлә» («дүниеден өтті»), «гүр ияске булды» («қабір иесі болды») тәрізді формаларды жатқызуға болады.

Сонымен қатар осы қорымда № 23 ескерткіште артиллериялық атыс кезінде зеңбірек снарядының жарықшағынан қаза болған адамға қатысты «шәһид булды» («шейіт болды») деген тіркес қолданылған.

Эпитафиялық мәтіндерде жанама және ауыспалы мағыналы тіркестер жерленген орынды, яғни қабірді білдіретін терминдерге қатысты да қолданылады. Жерленген орынды білдіретін сөздердің басым бөлігі XIX ғасырдағы эпитафияларда кездесетінін атап өткен жөн. Бұл қатарға фольклорлық және дұғалық формулалардың құрамына енген терминдер кірмейді.

«Қабер», яғни «қабір» термині ең кең таралған атау болып табылады және Бірінші татар мұсылман зиратында ол тоғыз эпитафияда кездеседі. Одан кейін «тәрбә» («кесене», «сағана»), «мәкьбәрә» («зират», «қабірстан»), «мәркад» («қабір», «жерленген орын») сияқты атаулар қолданылады.

Тіпті анонимді шебердің жасаған ескерткішінде қабірді білдіру үшін «бәка» («мәңгілік») формасын қолданған. «Гүр» («қабір»), «мәнзил әхыйр» («соңғы тұрақ», «соңғы мекен»), «йорт» («үй») сөздері бір-бірден кездеседі.

Осы қорымда жерленген Шейх Мұхамедзакир Камаловтың қабірі «мәшһәд» терминімен белгіленген. Бұл сөз «шейіт жерленген орын» немесе «шейіттің қабірі орналасқан жер» мағынасын білдіреді.

Татар слободасы кезеңіне жататын ескерткіштерде кең таралған «зиярәт» («зиярат ететін орын», «қасиетті орын») сөзі кездеспейді. Себебі аталған кезеңде бұл термин жеке қабірді емес, тұтастай зиратты белгілеу үшін қолданылған (Мухаметшин, Насыров, 2023: 35–36).

Эпитафиялық мәтіннің құрылымы кездейсоқ қалыптасқан сөздер жиынтығы емес, діни, мемориалдық және ақпараттық қызметтерді қатар атқаратын тұрақты компоненттер жүйесі болып табылады. «Ол Ұлы Алланың рақымына берілді», «Аллаға қайтты» және тағы басқа тіркестер жатады, яғни адамның өлімін тікелей «өлді» сөзі арқылы ғана емес, «Алланың рақымына өту», «Аллаға қайту», «қабірге орналасу» секілді діни-метафоралық құрылымдар арқылы бейнелеуінде (Мухаметшин, Хакимзянов, 1987: 36).

Астрахань облысының «Кіші Арал», «Долгинский» елді мекендеріндегі мұсылман қорымдары эпитафияларында кездесетін өлімнің тілдік маркерлері: «Офат», «рихлат айлады», «тарк дунийа айлады» (ترك دنیا ایلا دی), «дар ал-Бақайа рихлат айлады» (دار بقایه رحلت ایلا دی).

Кавказ, Дағыстан ескерткіштердегі араб, парсы және түрік жазбалардың басым бөлігін дін өкілдері немесе діни ортаға жақын тұлғалар құрастырғандықтан, оларда діни дүниетанымның көрініс табуы заңды құбылыс. Барлық санаттағы эпиграфикалық ескерткіштердің көпшілігінде мұсылмандық ортада кең таралған, Алланың құдіреті мен Оның елшісі туралы, дүниенің өткіншілігін еске салатын діни формулалар, сондай-ақ ғибраттық өсиеттер, ізгі тілектер және Алладан рақымшылық пен ұзақ ғұмыр тілеуге бағытталған дұғалық сөздер кездеседі. Сонымен қатар мұндай мәтіндерде салынған құрылыстарды немесе қабылданған шешімдерді мәңгі есте қалдыруға арналған тұжырымдар да ұшырасады.

Жазба мәтіндерде Құранның жекелеген аяттарынан алынған дәйексөздер мен олардың мазмұндық баяндаулары, сондай-ақ танымал ақындардың тақырыпқа сәйкес өлең жолдары кеңінен қолданылған. Бұл ерекшелік әсіресе парсы және түркі тілдеріндегі жазуларға тән. Нақыл сөздер мен поэзиялық үзінділерді іріктеу қағидаттары арнайы ғылыми зерттеуді қажет етеді (Эпиграфические..., 1966: 51).

Түркия мемлекетінде эпитафиялық ескерткіштердің көптеп сақталғандығы, оларды зерттеудің өзіндік дәстүрі, мектептері қалыптасып, жеке бір зерттеу саласы қалыптасқаны туралы тарихнама бөлімінде айтып кеттік. Түрік эпитафияларында кездесетін өлімнің тілдік маркерлерін атап өтсек: «Rahmeti rahmana kavuştu» (Рахымның рахматына бөленді), «Ecel şerbetini içti» (Өлім шәрбатын татты), «Vadesi bu kadarmış» (Уақыты бітті), «Kandildeki yağ bitti» (Шамының майы таусылды), «Hayatın öte yakasına geçti» (Өмірінің арғы бетіне өтті), т.б. сөз тіркестерімен белгілейді (Özgen, 2025: 120–140).

Өзбекстан Республикасы, Хорезм экспедициясы (2024). «Миздакхан», «Дәуіт ата», «Күнті баба», «Пайғамбар қызы», «Ырза баба», Үстірт үстіндегі қорымдар, барлығында «офат» сөзі ғана пайдаланылған. Қарастырылған қорымдар құлпытас эпитафиялық мәтіндерінде Құран аяттары, басқа да діни цитаталар кездеспейді, эпитафия мәтіні марқұмның руымен басталады, хадистер мен марсийаларды да кездестірмедік (Нурманова, Медерова, Муминов, 2024: 38–53).

Қазақ қорымдары эпитафиялары өңірге байланысты, тіпті әр қорым эпиграфикасы ерекшеленіп отырады, әр аймақтың өзіне тән эпитафиялық мәтін жазу дәстүрі қалыптасқан. Мысалы, Батыс Қазақстан өңірі қорымдарын зерттеу барысында «Мәулімберді» қорымындағы ғұламалардың құлпытастарының (5 құлпытас) мәтіні таза арабша жазылғандығын анықталды, онда эпитафия мәтіні Құран аятынан басталып, өлімі түсінігі «таваффи», «ал-Мутаваффи» (المتوفى، توفى), әйел адамға «матат» (ماتت) сөздерімен белгіленген. Қазақша жазылған тастар мәтіні марқұмның руымен басталып, өлім түсінігі басым бөлігінде «офат» сөзімен белгіленген. «Жәңгір хан» қорымында татар молдаларының тілдік әсері анық байқалады. Эпитафия мәтіні «бұл қабір/марқад» (هذا قبر / المرقد), «Үшбу қабірдің сахибы» (اشبو قبرنك صاحبی), өлім маркерлері: «офат» (وفات، وفاء، وفاط) сөзі эпитафиялық мәтіндердің 90 пайызында болса, қалған тастарда «дар ал-фанадин дар ал-бақаға рихлат айлады» (دار الفنادان دار)

сөздері (دنپادان اوتدی) «дүниядан өтті», (بو یرده دفن ایتلندی), «бұл жерде дафн итилди», (البقاغه رحلت کездеседі.

«Жәңгір хан» зиратында Бөкей хан тұқымының сұлтандары жерленген және құлпытастарында көлемді марсийалар жазылған, мысалы, өлімнің бар адамға бірдей екендігі туралы, хан, сұлтан, дәруіш болсаң да қалмайтындығы туралы *марсийа*:

بو دنپاده هچ ادم قالمق ایرمش
کراک حان کراک سلطان درویش

Бұл дүниада һич адам қалмақ ирмиш
Кирак хан, кирак султан, даруиш

Тағы бір құлпытаста атасының немересінің өліміне өкінішін білдіретін өлең б2д3зделген:

کچوب بو دنپاده دوران سورالمای
اتاسی قالدی محروم هم کورالمای

Кучуб бу дуниада даурен сура алмай
Атасы қалды махрум һәм көре алмай

«Жантөре хан» қорымында эпитафия мәтіндерінің басымы «әл-Марқұм әл Мағфур» тіркестерімен басталады. Жантөре ханның өз құлпытасында өлімі туралы «шаһид, Хаққтың мейіріміне өтті» (شهید بر حق رحمته واصل اولدی) Жантөре ханның кісі қолынан қаза тапқаны белгілі, «ғұмыры тәмам болды», «дар ал-фанадан дар ал-бақиға рихлат болды» (جون دار الفنادان دار البقيه) (رحلت اولدی), осы аталған үш тастан басқасында, барлығы 140 құлпытас тіркеуге алынған, «офат» маркері пайдаланылған.



1-сурет. «Жантөре-хан» қорымы, БҚО Теректі ауданы, Шағатай селолық округы, Қаражар ауылы. Айшуақ ханның немересі, Өтепали-сұлтан ұлы Мұраталидің құлпытасы.

Фото Б.Дюсенов. 2016 жыл.

المرحوم المغفور

بر کوزال خان بالاسی سلطان نک ایرور بو مزار
کتدی دنپایی دنپیدن چیکو بن اول اه زار
ایجواق خان نک نبیره سندان اولمیش بر غلام
اوتاب علی سلطان نک اوغلی مردعلی دی نام
بارچه عمری اولدی انینک اون سکز یاشدا تمام
عاقبت کوچکل دیو حقدان کلدی انکا پیام
منک سکز یوزدا یکرمی التی دا اولدی تاریخ
نجم حوة ننک اوج کوننده اولنمش دفن قلندی

Марқұм, кешірілген.

Бір гөзал хан баласы сұлтанның бұл мазары
Кетті дүниауы дүниеден шегумен ол аһ-зарды
Айшуақ ханның немересінен ол еді бір ғұламы
Өтепали сұлтанның ұлы - Мұратали-ды оның

намы

Барша ғұмыры болды оның он сегіз жаста

тәмам

Ақибатқа (1) көш! – деген Хақдан келді оған

бұйрық

Мың сегіз жүз де жиырма алтыда болды тарих

Хұт (2) жұлдызының үші күнінде дафн

қылынды

1. عاقبت [‘Āqibat, ‘Āqibat] – О Дүние.

2. حوة [Xūt] – Хұт – ақпан айының

жұлдыз атауы.

Осы бір шумақтың өзінде қазақ-мұсылман дүниетанымын, өлімге деген көзқарасын, жазмыштан жеткен тағдырға амал жоқ, өткінші дүние мен, Ақибат туралы, жерлеу салтын білдіретін бірнеше терминдер кездеседі: «мазар», «дүниауы дүние», «ғұмыры тәмам», «Ақибатқа көш!», «Хақ бұйрығы», «дафн қылынды» маркерлері келтірілген.

10-шақты эпитафия мәтіні Құранның 55-сүресі: 25-26 аяттарымен «Оның [Жер] бетіндегінің бәрі фани, Онын жүзі ғана бақилық, Раббың ғана Құдырет пен Рахым иесі!» (كل (من عليها فان و يبقى وجه و ربك ذو الجلال و الاكرام

Марқұм басына қойылған құрылысты: «мазар», «құжыра» терминдерімен белгілеген. Әр эпитафиялық мәтін соңында құлпытасты жаздырған – балалары, әйелі, немересі, атасы, әкесі есімдері жазылып отырған.

Ақтөбе облысындағы «Абат-Байтақ» (Мүминов, Дүйсенов, 2023) қорымы эпитафияларын қарстырсак, бұл қорымда эпитафия мәтіні марқұмның руынан басталып, көбіне «офат» сөзі қолданылған. Жалпылай сипаттағанда, қорымның эпитафиялық мәтіндері қысқа, марқұмның жеке мәліметтері мен қайтқан жылы, ескерткішті қойған туыстары есімі жазылған. Сирек болса да парсы, шағатай тілдерінде поэтикалық шумақтар – марсийа жазылған. Соның бірі өлімнен ешкімнің аман қалмайтындығы, тіпті мұсылманға аспандағы күндей болған Пайғамбардың өзінің орны көр болғандығы туралы парсы тілді шумақ (Мүминов, Дүйсенов, 2023: 89):

محمد كه خور شيد افلاك

بود

كه اخير مقامش خاك بود

Мұхаммад аспандағы күн еді

Оның да ақырғы орны топырақ

болды



2-сурет. Ақтөбе облысы, «Абат-Байтақ қорымы». Мүминов Ә.Қ., Дүйсенов Б.Д. «Абат-Байтақ» қорымының арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштері. Кітап-альбом Алматы: Алтын парак, 2023. 89-бет.

Осы тәріздес парсытілді бәйіттер аталмыш өңірлер жерлеу эпиграфикасында жиі кездесетінін айтуға болады. Олардың мазмұны жерлеу элегияларының дәстүріне сәйкес келеді, онда дүниелік өмірдің өткіншілігі туралы, марқұмның туыстарының қайғыру күйі, жалған өмірдің азғыруларынан алыс болу сияқты, сол дәуірдің діни мәдениетіне сәйкес насихаттар айтылған.

Эпиграфикалық ескерткіштері әлі де толық кешенді зерттеу аумағына алынбай, жекелеген мәтіндері аударылып жарық көріп отырған еліміздің солтүстік шекараларындағы ескерткіштерінің де эпитафиялық мәтіндерінің бірегейлігін айта аламыз. Қостанай өңірінің құлпытастарының эпитафиялық мәтіндері жекелеген мақалаларда жарық көрген, Тобыл бойы (Жұмабекова, Дүйсенов, Таран, Манапова, Базарбаева, 2024: 196–197) эпиграфикалық ескерткіштерінің тілдік маркерлері өз ерекшелігімен көзге түседі. Бұл мақалада аудармасы берілген небәрі 3 құлпытас эпитафиясында өлді түсінігі – «О дүниенің ажал желі оның рухының шамын өшіріп, Алланың рахметіне өткізді» (عاقبت باد اجل شمع روحنی نابود ایلاب جوار رحمة) (الله) «бұл фәни жерінен о дүниеге аттанды» (بو فنا یرندان دار عقبایه رحلت اتدی) түрлерінде берілген. Сонымен қатар басқа өңірлерде кездеспеген хадистер жазылған:

«Ассаламу‘алейкум, ей, қабір тұрғындары! Сендер біз үшін алдымыздағысыңдар (сәләф) және біз сендердің ізіндеміз. Алла тағала біздерге және сіздерге рақым қылсын!» (السلام علیکم یا) – деген сахих хадис келтірілген. Келесі «Уа, Алла, Мұхаммедтің және Мұхаммедтің отбасының құрметіне сұраймын, мейірімділердің мейірімдісі, осы мәйітке мейіріміммен азап бермеуінді тілеймін!» (اللهم إني أسألك) (بحق محمد وآل محمد أن لا تعذب هذا الميت برحمتك يا أرحم الراحمين) – деген сахих хадистерде келтірілетін дұға.

Астана қаласындағы Қараөткел қорымына 2025-2026 жылдары жүргізілген экспедициялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде анықталғаны қорым эпиграфикасында өлім түсінігінің тілдік маркерлерінің көпварианттығы анық болды, ең көп кездесетін түрі «офат, офат болды, офаты», шамамен эпитафиялық мәтіндердің 30 пайызында жазылған. Екінші қатарда «рихлат айлады, рихлат итди», оның «бақийам рахайл айлады» деген формасы да кездесті. «Дар ал-Фаниден дар ал-Бақиға кучди/рихлат қилди/хиджрат айлады» (دار الفنادین دار) (البقایه رحلت قیلدی) кездесу жиілігі тұрғысынан 3-ші орында. Сонымен қатар «Истиқал айлады», «хиджрат қилди» (دار البقایه هجرة قیلدی), «чин йуртина китди» (چن یورتینه کیتدی), «Фани дийариндан Бақа мулкина сафар айлады» (فانی دیارندین بقا مولکینه سفر ایلادی), «Дар ал-Дунийадан дар ал-Бақайаға рихлат айлады» (دار ول فانیدان دارول باقیه عه رحلت ایلادی), «бу фанадан Бақайа кучти/интиқал айлады», (دار رحمت که استقال ایلادی), «дар-и Рахматке истиқал айлады» (بقیم رحال الدی) деген сөз тіркестері де қолданылған. Кеңес заманы құлпытастары эпиграфикасында 1930 жылдардан бастап «қайтыс болды», «қайтты» сөздері басым бола бастаған, 1950 жылдардан бастап эпитафиялық мәтін барынша қысқарып, көбіне қайтқан кісінің руы, аты-жөні, және туған-қайтқан жылдары ғана көрсетілетін болған.

Дегенмен «Кеңестік жаңа қоғам» құруға күштеп қатыстырылған халықтардың тарихи әлеуметтік кодтары күштірек болып, ол дәстүрлі символикалық капитал мен рәсімдерді сақтап калуда көрініс тапты (әсіресе жерлеу рәсімдері мен қайтыс болғандарға ескерткіштер орнату дәстүрінде). Қараөткел қорымының Кеңес заманы құлпытастары өзінің тарихи жады мен мәдени кодтарын табандылықпен сақтаған қоғамның кеңестік саясатқа қарсы қойған символикалық және тайсалмас жауабы (Бабаджанов, Нурманова, 2026: 473–487).

Қараөткел қорымы эпитафияларында жиі кездесетін формулалардың біразын келтіріп өтетін болсақ:

لو كانت الدنيا تخلد لأحدٍ، لخلد فيها رسول الله
الدنيا فانية و ما فيها راحلة

Дүние егер біреуге мәңгілік болса, онда
Расул Алла мәңгілік болар еді
Дүние фәни (өткінші), ондағының бәрі өтеді

ای برادرلر من هم سز لردی عمر کچوردم
اخر اورنوم کور بولدی رضا الله من
غریبکا برار فاتحه اوقوب باغشلیه سز لر
یا واقف بقبری متفکرا بامری بالامس کنت
مثلك و غذا تصویر مثلی

بنی قیل مغفراة ای راب یزدان بحق عرش
اعظم نور قران

بنم قبرمه زیارت ایدن احوان ایدن روحمه بر
فاتحه احسان
الحکم لله
هو الخلاق الباقي کل شی هالک الاوجهه
الموت الموت کل نفس ذایقته الموت

(Инв. 27) Ай барадарлар мен һам сизлардай
умр кичурдум ахир урнум кур булди. Риза Алла
мин ғарибка бираз фатиха уқуб бағишлайасизлар

Ей, менің қабірім басына келген, ойлаңыз!
Кеше мен сенің орнында болғам, ертең сен менің
күйіме түсесің!

Буни қил мақфара Ай Рабб-и Йаздан би-
Хаққ Арш-и Азам Нур-и Құран.

Беним қабрима зйиарат идан ихван идан
рухима бир Фатиха ихсан.

Үкім Аллаға тән. (40:12)

Ол – Мәңгі Жаратушы. Оның өзінен басқа
әр нәрсе жоқ болады. (28:88) Өлім. Өлім. Әрбір
жан иесі өлімді татады (3:185)

Сонымен қатар эпитафиядағы өлім түсінігі көрсеткіштер
әлеуметтік апаттарға, эпидемия, соғыс және геополитикалық
өзгерістерге сезімтал келеді. Белгілі бір формулалардың
қолданылу жиілігі апат болған кездегі қоғамның коллективтік
көңіл-күйін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Мысалы,
Қараөткел қорымындағы нөмірі 33 құлпытас 1920 жылы тиф
ауруынан қайтыс болған марқұмдарға арналғын, өлім сесебін
«тиф ауруы ила офат» (تيف أروى ايله وفات) деп көрсетіп өткен.

Эпитафиясы: «Миладидің 1920 йыл 29 дикабрде
Абдалбари Фазлаллах уғли 54 йашинда уфат, Бибиайша
Шамсаддин қызы Абдалбари Фазлаллах уғлиниң жамағаты 45
йашинда 1920 йыл 11 априлде уфат, Шахзада Абдалбари уғли
1920 йыл 26 қазан 30 йашинда уфат. Нұрмухаммад Шахзада уғли
1921 йыл 15 априлде уфат. Қазан губернийасы Чуйан уйази Айди
аулиниң адамлари тиф ауруы ила офат. Йа Аллах Тағала
рахматина ғарқ иласин. Амин. Йа, ал-Рахман ал-Рахимин» - деп
тиф эпидемиясы кезінде қайтқан бір әулеттің 4 мүшесіне бір тас
қойылған.



3-сурет. Астана қаласы, Қараөткел қорымы.
Құлпытас Инв. №33. Фото Б.Дюсенова. 2026 ж.

Сондай-ақ, танатологиялық мәтін гендерлік және жастық ерекшеліктерді де көрсетеді. Орта Азия, Кавказ, Түркия сияқты дәстүрлі қоғамдарда, әдетте, жас баланың, әйел адамның, қария мен қаһарманның өлімінің вербалдық берілуі қатаң семантикалық айырмашылықтарға ие болған, ол өз кезегінде әлеуметтің құндылықтарының ішкі иерархиясын анықтайды.

Қараөткел қорымындағы инвентарлық нөмірі 10-тас 15-жасында қайтқан Ақмола гимназия оқушысының басына қойылған. Эпитафиясын келтірсек: «Әрбір жан иесі өлімді татады. (29:57) Уа, жан мен дін қызметінде болыңыздар. Бұл дүние өткінші, маған опа қылмады, сізге де опа болмас.

7 жыл мұсылманша оқып, 5 жыл Ақмола школында, Бірінші гимназияда оқып мұратына жетпей, екі ай қалғанда, тарих 1326-ншы (1908) жылы 7 мартта Бибаафифа Ахмадлу қызы 15 жасында Рахмат еліне аттанды» деп бәдізделген.



4-сурет. Астана қаласы, Қараөткел қорымы.

Құлпытас Инв. №10.

Фото Б.Дюсенов. 2026 ж.

Қорытынды

Өлім құбылысын белгілейтін маркерлердің мағынасын ашуда тілдің орны ерекше, және де ол әлеуметтік, мәдени ұғымдарды танудың негізгі құралы. Құлпытас формаларының, эпитафиялық мәтіндерінің, тілдік маркерлерінің ұқсастығы даусыз, бұл көршілес отырған, не бір дінге, яғни мұсылман дінінде болған халықтардың жерлеу рәсімдерінің, рулық құрылымының, көршілес халықтардың өлім культінің ұқсас болуының басты себебі.

Эпитафиялық мәтін тіл білімі үшін өткен замандағы тіл әлемінің шынайы көрінісі болып табылады. Өлденеше рет көшіріліп, түзетілген қолжазба мәтіндеріне қарағанда, тас бетіндегі мәтін еш өзгеріссіз, түпнұсқа күйінде жетеді. Эпитафиялық мәтіндердің лингвистикалық құндылығын келесі көрсеткіштері анықтайды:

- Тілдік ықпалдастық мен көптілділік. Кавказ, Орта Азия, Түркия сияқты көпұлтты елдердің эпиграфикасы тілдердің күрделі ықпалдастығын көрсетеді. Эпитафия мәтінінде араб тілі (Құран аяттары, хадистер, т.б.), парсы тілі (поэтикалық шумақтар үшін - марсийа), және де жергілікті түрік, кавказ тілдері (диалектілері) қатар жазылып, аймақтағы шынайы тілдік жағдайды көрсетеді.

- Тілдік формулалардың дамуының айнасы. Эпитафия мәтіндері тұрақты стилистикалық формулалардан құрылады. Осы формулалардың даму үрдісін, яғни араб тіліндегі Құран аяттары, көлемді парсы, түркі тілдеріндегі жоқтауларды зерттеу әдеби тілдің дамуы мен аймақтық стилистикасын айқындауға мүмкіндік береді.

- Диалектология мен тарихи фонетика: эпитафиялық мәтіндегі араб, парсы сөздерін жазуда жергілікті тасшылар жіберген қателіктер, өзіне тән орфография мен фонетикалық бұрмалаулар өткен замандағы қолданыста болған сөйлеу тілі мен аумақтық сөйлеу ерекшеліктерінің маңызды маркері болып табылады.

Құлпытас ескерткіштері мәтіндік және материалдық деректерді біріктірген деректік кешен болып табылады. Аталмыш ескерткіштерде кездесетін өмір, өлім, мәңгілік түсініктерін

жүйелі түрде зерттеу Орта Азия, Кавказ бен Түркия мұсылман халықтарының дүниетанымының бір саласын зерделеуге мүмкіндік береді. Эпитафия мазмұны, шартты түрде алынған тасты оқитын зияратшы мен сакралды мәтіннің өзара қарым-қатынасы (Бабаджанов, 2023: 203–221) тұрғысынан көптеген мәліметтер береді, яғни мәтіннен тірілерге бағышталған діни-философиялық түсініктер, өлімнен ешкімнің құтылмайтындығы, дүниенің өткіншілігі мен О Дүние туралы түсініктердің беріледі.

Мұсылмандық мәдениетте өлім тілдік және символдық образдарға бай болып келеді. Құлпытас эпитафиясы өлімнің жекебастық және әлеуметтік жақтарын қамтып, пенденің бұл қайғыдан арылту, яғни жұбату мағынасындағы формалардың жазылуы. «Алла рахымына алды», «өлім шәрбатынан дәм татты» деген сөз тіркестері өлімнің Алла қалауымен болатын жазмыштың ісі ретінде түсінілетіндігінің дәлелі. Эпитафия мәтінінде ең жиі кездесетін «Әрбір адам өлім дәмін татады», «Инна Аллаһи ва инна илейһи раджиун», Құран аяттары жеке адамның да тұтас қоғамның да өлімге деген көзқарасын, яғни өлімнен ешкімнің қашып құтылмайтындығы түсінігінің айғағы. Эпитафияның бас жағында жазылатын бұл формулалар Орта Азия, Кавказ және Түркия мұсылмандарына ортақ, универсалды көрініс.

Тіл мен мәдениетте өлім феноменін жеткізу тәсілі, мәлімдеу мен түйсіндіру адами құндылықтар кешенінде маңызды орын алады. Өлім тек биологиялық факт қана емес, сонымен қатар күрделі мәдени ұғымдық құрылым болып табылады. Эпитафиялық мәтіндерде сақталған өлім түсінігі қандай да бір қоғамның мәдениетінің құрамдас бір бөлігі, яғни құндылықтар жүйесін, этикасын және өмірлік бағыттарын анықтайды.

Адамның өмірден кетуін қандай сөздермен жеткізуі оның дүниетанымын анық көрсетеді, мысалы өлімді астарлап жеткізу – офат болды, қайтыс болды, дүниеден көшті, рихлат етті, баянсыздан баяндыға аттанды, фәни дүниеден бақи дүниесіне аттанды, т.б. формулалар адамның белгісіздік алдындағы қорқынышын қалай еңсеретінін көрсетеді. Аталмыш маркерлерді зерделеу Орта Азия, Кавказ, Түркия мұсылмандары ұғымында дүниелік пен ахиреттік әлемдердің арасалмағын түсінуге мүмкіндік береді.

Эпитафиялық мәтіндердегі танатологиялық көрсеткіштер қоғамның өз заманындағы сенімінің нақты айнасы. Исламның орнығыуының алғашқы кезеңдерінде Құрани нақты, қысқа формулалары басым болса, Исламның тереңдей сіңіп, сопылық философияның дамуымен өлімнің вербалды маркерлері күрделене түседі. Өлім ендігіде тек өмірдің аяқталуы ғана емес, жанның Жаратушыға қосылуы (осман дәстүрінде «усал» ұстанымы), немесе жанның «тән қапасынан» босануы деген түсініктер пайда болады. Осындай өзгерістерді зерделеу діни танымның даму динамикасын, кейінгі пайда болған тарихнамалық бұрмалаусыз көрінуіне қолғабыс етеді.

Сонымен қатар эпитафиядағы өлім түсінігі көрсеткіштер әлеуметтік апаттарға, эпидемия, соғыс және геополитикалық өзгерістерге сезімтал келеді. Белгілі бір формулалардың қолданылу жиілігі (мысалы, шаһид, ..., т.б.) апат болған кездегі қоғамның коллективтік көңіл-күйін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, танатологиялық мәтін гендерлік және жастық ерекшеліктерді де көрсетеді. Орта Азия, Кавказ, Түркия сияқты дәстүрлі қоғамдарда, әдетте, жас баланың, әйел адамның, қария мен қаһарманның өлімінің вербалдық берілуі қатаң семантикалық айырмашылықтарға ие болған, ол өз кезегінде әлеуметтің құндылықтарының ішкі иерархиясын анықтайды.

XX ғасырдың танатологиялық көрсеткіштерін салыстырмалы зерттеу, дәстүрлі діни мәдениеттің заманауи жаһандық сын-қатерлерлерге қалай қарсы тұрғанын көрсетеді. Түркияда латын қарпіне көшу және мемлекеттік өзгерістер, Орта Азия мен Кавказдағы кеңестік атеистік тәжірибелер эпитафия мәтініне де өзгерістер алып келді. Дәстүрлі мұсылмандық формулалардың кеңестік сөзтіркестерімен аустырылуын (немесе бүркемеленуін) зерттеу мұсылман Шығысындағы модернизациялану үрдісін зерттеуде жаңа мүмкіндіктер ашады.

Қорытындылай келе, мұсылман ескерткіштеріндегі өлім түсінігі көрсеткіштерін тілдік маркерлер арқылы зерттеу ескерткіштерді құрғақ филологиялық немесе каталогтық сипаттау

шеңберінен шығаруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде, ескерткіш эпитафиясын динамикалық мәтін ретінде қарастыруға мүмкіндік беріп, өлім көрсеткіші Орта Азия, Кавказ, Түркия халықтарының өмірдің іргелі заңдылықтарын, философиясын, өзіндік танымын түсіндіретін тетігі ретінде болады.

Әдебиеттер:

Аджигалиев, 1994 – *Аджигалиев С.И.* Генезис традиционной погребально-культовой архитектуры Западного Казахстана (на основе исследования малых форм). Алматы: Ғылым, 1994. 260 с.

Ажигали, 2002 – *Ажигали С.Е.* Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии: памятники Арало-Каспийского региона. Алматы: Научно-издательский центр «Ғылым», 2002. 654 с.

Архитектурная... 2015 – Архитектурная эпиграфика Узбекистана. Книга-альбом. 1–25 том. Ташкент, 2015. 376 с.

Аçıkğözoğlu, 2009 – *Açıkğözoğlu Ahmet Sacit.* Mezar Taşı Çalışmaları / Türkiye Araştırmaları Literatür Dergisi, Cilt 7, Sayı 14, 2009. 297–314 s.

Ayanoğlu, 2022 – *Ayanoğlu Fazıl İsmail.* Tarihî mezar taşları İstanbul – 1. İstanbul 2022, 404 s.

Ахметов, 2015 – *Ахметов Ә.* Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер (Салыстырмалы этнолингвистикалық пайым). Астана, «Ғылым» баспасы, 2015. 204 б.

Әбдуәли, 2009 – *Әбдуәли Қ.* Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) Адам. Алматы: Дайк-Пресс, 2009. Т. 1. 784 б.

Бабаджанов, 2023 – *Бабаджанов Б.М.* Социальная семантика эпиграфики надгробий золотоордынского Хорезма (по археологическим находкам XX века) // Археология Казахстан. 2023. №2. С. 203–221.

Бабаджанов, Нурманова, 2026 – *Бабаджанов Б.М., Нурманова А.Ш.* «Железная память» за «железным занавесом»: казахские надгробия советского времени как маркеры социальной памяти // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. С. 473–487.

Жұмабекова, Дүйсенов, Таран, Манапова, Базарбаева, 2024 – *Жұмабекова Г.С., Дүйсенов Б.Д., Таран Н.И., Манапова Ә.М., Базарбаева Ғ.А.* Тобыл бойы эпиграфикалық ескерткіштері: кешенді зерттеулердің алдын ала нәтижелері // Қазақстан археологиясы. 2024. № 3 (25). 186–206 б.

İz, 2021 – *İz M.* Yılların İzi / Mahir İz. İstanbul: Kitabevi Yayınları, 2021. 416 s.

Мирасханэ... – *Мирасханэ* // Центр письменного и музыкального наследия Института языка, литературы и искусства имени Г. Ибрагимова Академии наук Республики Татарстан (Электронный ресурс). URL: <http://miras.info/monuments>

Муминов, Нурманова, Медерова, 2014 – *Муминов А.К., Нурманова А.Ш., Медерова Д.Е.* Эпиграфические памятники Западно-Казахстанской области как источник по общественно-политической и духовной истории Казахстана // Қазақстан және Орталық Азия халықтарының материалдық емес мәдени мұраларын зерттеу мәселелері: топонимика, эпиграфика, өнер. Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. Алматы: «EVO PRESS» баспасы, 2014. 292 б. + 32 б. с. 224–236.

Мухаметшин, Насыров, 2023 – *Мухаметшин Д.Г., Насыров Р.Г.* Татарские эпиграфические памятники. Эпиграфические материалы первого татарского кладбища города Чистополь / Д.Г. Мухаметшин, Р.Г. Насыров; отв. ред. А.Г. Ситдинов, А.В. Сиренов. Электронный каталог: 468 с. (Серия «Татарские эпиграфические памятники»; вып. 1). Казань: Изд.-во «Фан», 2023. 282 с.

Мухаметшин, Хакимзянов, 1987 – *Мухаметшин Д.Г., Хакимзянов Ф.С.* Эпиграфические памятники города Булгар. Казань, Татарское книжное издательство, 1987. – 128 с.

Мүминов, Дүйсенов, 2023 – Мүминов Ә.Қ., Дүйсенов Б.Д. «Абат-Байтақ» қорымының арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштері. Кітап-альбом / Мүминов Ә.Қ., Дүйсенов Б.Д.; Аллен Франк (ағылшын тілі редакторы АҚШ) және Ұ.А. Өтепбергенованың (көрсеткіштерді құрастырушы, Қазақстан) қатысуымен. Алматы: Алтын парак, 2023. 496 б. + «Абат-Байтақ» қорымы фильмінің дискісі.

Нурманова, Медерова, Муминов, 2024 – Нурманова А.Ш., Медерова Д.Е., Муминов А.К. Исследование письменных памятников некрополя Даут-Ата: по материалам экспедиции по Хорезмскому региону // Казахстанское востоковедение. 2024. № 3, том 11, 2024. С. 38–53.

Нұрманова, 2015 – Нұрманова А.Ш. Эпиграфикалық мұра – тарихымыздың деректік көзі // Қазақ халқының тарихы мен мәдениеті жөніндегі мыңжылдық дереккөздер. Алматы: «Дайк-Пресс», 2015. 276 б. 228–245 б.

Özgen, 2025 – Özgen M. Anadolu Kültüründe Ölüm Algısı: Sosyolojik ve Folklorik Açından İyi ve Kötü Ölüm (Death Perception in Anatolian Culture: Good and Bad Death from Sociological and Folkloric Perspective) Gaziantep University Journal of Social Sciences 2025 24(1). 120–140 s.

Оналбаева, Орынханова, Аскарова, 2020 – Оналбаева А.Т., Орынханова Г.А., Аскарова Г.С. Табу и табуированная лексика в казахском языке // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филология», 2020. №3(73). С. 164–170.

Сейсем Ата..., 2015 – Сейсем Ата қорымының араб жазулы эпиграфикасы / Кіріспе, құрастыру, араб, парсы, түркі тілдерінен аударма, көрсеткіштер Ә.Қ. Муминов, А.Ш. Нурманова, Н.А. Құлбаев. Ғылыми консультант М.С. Нұрқабаев. Ағылшын тіліне аударма Нил Робинсондікі. Астана: Фолиант, 2015. 160 б.

Tosun, 2021 – Tosun İlker. Edirne Osmanlı Dönemi Mezar Taşı Kitabelerinde Ölümle İlgili Söz Varlığı // Payitaht Edirne Üzerine Dil-Tarih-Edebiyat Araştırmaları. Editörler: Dr. Tarık Sarioğlu – Dr. Hasan Ali Cengiz. Paradigma Akademi, 2021. 1–56 s

Türkiye’de Epigrafi... 2025 – Türkiye’de Epigrafi Çalışmalarının Öncüsü: Halil Edhem Eldem ve Kitâbe Araştırmaları // İğdır Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi, 39 (2025), s. 145–166.

Шақпақ-ата..., 2009 – Шақпақ-ата жерасты мешіті мен қорымының эпиграфикасы. Кіріспе, құрастыру, араб, парсы және түркі-шағатай тілдерінен аударған Ә.Қ. Муминов, А.Ш. Нұрманова. Алматы: Дайк-Пресс, 2009. 224 б.

Uzunçarşılı, 1932 – Uzunçarşılı, İ.H. Kütahya Şehri: İmaret, Camii, Medrese, Han, Hamam, Türbe ve Kitabeler / İ. H. Uzunçarşılı. İstanbul: Maarif Matbaası, 1932. 356 s. Teks: türkçe.

Эпиграфические..., 1966 – Эпиграфические памятники Северного Кавказа на арабском, персидском и турецком языках. Часть 1. Надписи X–XVII вв. Москва, 1966. 300 с.

References:

Abduali, 2009 – Abduali Q. Qazaqtar ana tili aleminde (etnolingvistikalyq sozdik) Adam [In the World of the Native Language: An Ethno Linguistic Dictionary. Human]. Almaty: Dayk-Press, 2009. T. 1. 784 p. [in Kazakh]

Açıkgözoğlu, 2009 – Açıkgözoğlu A.S. Mezar Taşı Çalışmaları [Tombstone Studies] / Türkiye Araştırmaları Literatür Dergisi, Cilt 7, Sayı 14, 2009. 297–314 p. [in Turkish]

Adzhigaliev, 1994 – Adzhigaliev S.I. Genezis traditsionnoy pogrebalno-kultovoy arkhitektury Zapadnogo Kazakhstana (na osnove issledovaniya malykh form) [The Genesis of Traditional Funerary and Religious Architecture in Western Kazakhstan (Based on a Study of Small Architectural Forms)]. Almaty: Gylm, 1994. 260 p. [in Russian]

Akhmetov, 2015 – Akhmetov A. Turki tilderindegi tabu men evfemizmdler (Salystyrmaly etnolingvistikalyq payym). Monografiya [Taboos and Euphemisms in the Turkic Languages (A Comparative Ethno Linguistic Study)]. Astana, «Ghylym» baspasy, 2015. 204 p. [in Kazakh]

ArkHITEKTURNAYA... 2015 – Arkhitekturnaya epigrafika Uzbekistana. Kniga-albom [Architectural Epigraphy of Uzbekistan: An Illustrated Book]. 1–25 tom. Tashkent, 2015. 376 p. [in Uzbek, Russian, English]

Ayanoğlu, 2022 – *Ayanoğlu F.İ.* Tarihi mezar taşları İstanbul – 1 [Historical Tombstones: Istanbul – 1]. İstanbul 2022, 404 p. [in Turkish]

Azhigali, 2002 – *Azhigali S.E.* Arkhitektura kočevnikov – fenomen istorii i kultury Evrazii: pamyatniki Aralo-Kaspiyskogo regiona [Nomadic Architecture: A Phenomenon in the History and Culture of Eurasia—Monuments of the Aral–Caspian Region]. Almaty: Nauchno-izdatelskiy tsentr «Ghylym», 2002. 654 p. [in Russian]

Babadjanov, 2023 – *Babadjanov B.M.* Sotsialnaya semantika epigrafiki nadgrobiy zolotoordynskogo Khorezma (po arkheologicheskim nakhodkam XX veka) [The Social Semantics of the Epigraphy of Golden Horde Khwarazm Tombstones (Based on Twentieth-Century Archaeological Finds)] // Arkheologiya Kazakhstana. 2023. №2. Pp. 203–221. [in Russian]

Babadjanov, Nurmanova, 2026 – *Babadjanov B., Nurmanova A.* «Zheleznaya pamyat» za «zheleznyy zavesom»: kazahskie nadgrobiya sovetского времени kak markery socialnoi pamyati [«Iron Memory» behind the «Iron Curtain». Kazakh Gravestones of the Soviet Era as Markers of Social Memory] // Otan tarihy. 2026. Vol. 29. No. 2. Pp. 473–487. [in Russian]

Epigraficheskie..., 1966 – Epigraficheskie pamyatniki Severnogo Kavkaza na arabskom, persidskom i turetskom yazyka. Chast 1. Nadpisi X–XVII vv. [Epigraphic Monuments of the North Caucasus in Arabic, Persian, and Turkic Languages. Part 1: Inscriptions from the Tenth to the Seventeenth Centuries] Moskva, 1966. 300 p. [in Russian]

İz M. 2021 – *İz Mahir.* Yılların İzi [The Imprint of the Years] / Mahir İz. İstanbul: Kitabevi Yayınları, 2021. – 416 p. [in Turkish]

Miraskhane... – *Miraskhane* // Tsentr pismennogo i muzykalnogo naslediya IYaLI im. G. Ibragimova AN RT (Elektronnyy resurs) [*MirasKhane* // Center for Written and Musical Heritage of the G. Ibragimov Institute of Language, Literature and Art, Academy of Sciences of the Republic of Tatarstan (Electronic Resource)]. URL: <http://miras.info/monuments>

Mukhametshin, Khakimzyanov, 1987 – *Mukhametshin D.G., Khakimzyanov F.S.* Epigraficheskie pamyatniki goroda Bulgar [Epigraphic Monuments of the City of Bolgar]. Kazan, Tatarskoe knizhnoe izdatelstvo, 1987. 128 p. [in Russian]

Mukhametshin, Nasyrov, 2023 – *Mukhametshin D.G., Nasyrov R.G.* Tatarskie epigraficheskie pamyatniki. Epigraficheskie materialy pervogo tatarskogo kladbishcha goroda Chistopol [Tatar Epigraphic Monuments: Epigraphic Materials from the First Tatar Cemetery in the City of Chistopol] / D.G. Mukhametshin, R.G. Nasyrov; otv. red. A.G. Sitdikov, A.V. Sirenov. Elektronnyy katalog: 468 s. (Seriya «Tatarskie epigraficheskie pamyatniki»; vyp. 1). Kazan: Izd.-vo «Fan», 2023. 282 p. [in Russian, Tatar]

Muminov, Duyssenov, 2023 – *Muminov A.K., Duyssenov B.D.* «Abat-Baytaq» qorymynyn arabzhazuly epigrafikalyq eskertkishteri. Kitap-albom [Arabic-Script Epigraphic Monuments of the Abat-Baitaq Necropolis: An Illustrated Book] / Muminov A.K., Duyssenov B.D.; Allen Frank (aghylshyn tili redaktory AQSh) zhane U.A. Utepbergenovany (korsetkishterdi qurastyrushy, Qazaqstan) qatysuymen. Almaty: Altyn paraq, 2023. 496 p. + «Abat-Baytaq» qorymy filminin diskisi. [in Kazakh, Russian, English]

Muminov, Nurmanova, Mederova, 2014 – *Muminov A.K., Nurmanova A.Sh., Mederova D.E.* Epigraficheskie pamyatniki Zapadno-Kazakhstanskoy oblasti kak istochnik po obshchestvenno-politicheskoy i dukhovnoy istorii Kazakhstana [Epigraphic Monuments of the West Kazakhstan Region as a Source on the Sociopolitical and Spiritual History of Kazakhstan] // Qazaqstan zhane Ortalyq Aziya khalyqtarynyn materialdyq emes madeni muralaryn zertteu maseleleri: toponimika, epigrafika, oner. Khalyqaralyq ghylymi konferentsiya materialdarynyb zhinaghy. Almaty: «EVO PRESS» baspasy, 2014. – 292 p. + 32 p. Pp. 224–236. [in Russian]

Nurmanova, Mederova, Muminov, 2024 – Nurmanova A.Sh., Mederova D.E., Muminov A.K. Issledovanie pismennykh pamyatnikov nekropolya Daut-Ata: po materialam ekspeditsii po Khorezmskomu regionu [A Study of the Written Monuments of the Daut-Ata Necropolis: Based on Materials from an Expedition to the Khwarazm Region] // Kazakhstanskoe vostokovedenie. 2024. № 3, tom 11, 2024. Pp. 38–53. [in Russian]

Nurmanova, 2015 – Nurmanova A.Sh. Epigrafikalyq mura – tarikhymyzdyn derektik kozi [Epigraphic Heritage as a Source for Our History] // Qazaq khalqynyn tarikhy men madenieti zhonindegi mynzhyldyq derekkozder. Almaty: «Dayk-Press», 2015. 276 p. Pp. 228–245. [in Kazakh]

Onalbaeva, Orynkhanova, Askarova, 2020 – Onalbaeva A.T., Orynkhanova G.A., Askarova G.S. Tabu i tabuirovannaya leksika v kazakhskom yazyke [Taboo and Tabooed Vocabulary in the Kazakh Language] // Vestnik KazNPU im. Abaya, seriya «Filologiya», 2020. №3(73). Pp. 164–170. [in Russian]

Özgen, 2025 – Özgen M. Anadolu Kültüründe Ölüm Algısı: Sosyolojik ve Folklorik Açıdan İyi ve Kötü Ölüm [Death Perception in Anatolian Culture: Good and Bad Death from Sociological and Folkloric Perspective] Gaziantep University Journal of Social Sciences 2025 24(1). 120–140 p. [in Turkish]

Seysem Ata..., 2015 – Seysem Ata qorymynyn arab zhazuly epigrafikasy [Arabographic Inscriptions of the Sisem Ata Necropolis] / Kirispe, qurastyru, arab, parsy, turki tilderinen audarma, korsetkishter A.K. Muminov, A.Sh. Nurmanova, N.A. Qulbaev. Ghylymi konsultant M.S. Nurqabaev. Aghylshyn tiline audarma Nil Robinsondiki. – Astana: Foliant, 2015. 160 p. [in Kazakh, Russian, English]

Shaqpaq-ata..., 2009 – Shaqpaq-ata zherasty meshiti men qorymynyn epigrafikasy [The Epigraphy of the Shapqak-Ata Underground Mosque and Necropolis]. Kirispe, qurastyru, arab, parsy zhane turki-shaghatay tilderinen audarghan A.K. Muminov, A.Sh. Nurmanova. Almaty: Dayk-Press, 2009. 224 p. [in Kazakh, Russian, English]

Tosun. 2021 – Tosun İ. Edirne Osmanlı Dönemi Mezar Taşı Kitabelerinde Ölümle İlgili Söz Varlığı [Death-Related Vocabulary in Ottoman-Period Tombstone Inscriptions in Edirne] // Payitaht Edirne Üzerine Dil-Tarih-Edebiyat Araştırmaları. Editörler: Dr. Tarık Sarioğlu – Dr. Hasan Ali Cengiz. Paradigma Akademi, 2021. – P. 1–56. [in Turkish]

Türkiye’de Epigrafi... 2025 – Türkiye’de Epigrafi Çalışmalarının Öncüsü: Halil Edhem Eldem ve Kitâbe Araştırmaları [A Pioneer of Epigraphic Studies in Turkey: Halil Edhem Eldem and His Research on Inscriptions] // Iğdır Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi, 39 (2025), Pp. 145–166. [in Turkish]

Uzunçarşılı, 1932 – Uzunçarşılı, İ.H. Kütahya Şehri: İmaret, Camii, Medrese, Han, Hamam, Türbe ve Kitabeler [The City of Kütahya: Imarets, Mosques, Madrasas, Caravanserais, Baths, Mausoleums, and Inscriptions] / İ.H. Uzunçarşılı. İstanbul: Maarif Matbaası, 1932. 356 p. Teks: türkçe. [in Turkish]

Zhumabekova, Duyssenov, Taran, Manapova, Bazarbaeva, 2024 – Zhumabekova G.S., Duyssenov B.D., Taran N.I., Manapova Ə.M., Bazarbaeva G.A. Tobyl boyy epigrafikalyq eskertkishteri: keshendi zertteulerdin aldyn ala natizheleri [Epigraphic Monuments of the Tobol Region: Preliminary Results of Comprehensive Research] // Khazakhstan arkheologiyasy. 2024. №3 (25). 186–206 p. [in Kazakh]

¹Медерова Д.Е., ²Нурманова А.Ш., ³Тұрарова А.Т.

^{1,2,3} Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹ mederovadina@gmail.com, ² aitzhan.nurmanova@gmail.com,

³ arabisty.02@mail.ru

ВЕРБАЛЬНЫЕ МАРКЕРЫ СМЕРТИ В МУСУЛЬМАНСКИХ ПАМЯТНИКАХ: РЕГИОНАЛЬНАЯ СПЕЦИФИКА И ОБЩИЕ КОНСТАНТЫ (НА ПРИМЕРЕ ТУРЦИИ, РОССИИ, ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ)

Аннотация. Цель и задачи статьи заключаются в выявлении основных языковых маркеров смерти посредством анализа лексических конструкций, встречающихся в текстах надгробий, а также в определении общих и специфических особенностей их употребления в текстах мусульманских памятников Центральной Азии, России (Татарстан, Дагестан) и Турции. Научная новизна исследования состоит в том, что впервые языковые маркеры смерти в трёх различных историко-культурных ареалах рассматриваются в сравнительном аспекте с позиций лингвистики, исламоведения и исторической науки. Источниковую базу исследования составили фотоматериалы, собранные авторами в ходе полевых экспедиций, проведённых в течение последних десяти лет на территории Казахстана, России (Дагестан, Татарстан, Астраханский регион) и Узбекистана (Хорезм), а также опубликованные материалы, научные статьи и книги, посвящённые эпиграфическим памятникам Турции. В работе применялись сравнительный метод, контент-анализ, включающий подсчёт частотности употребления языковых маркеров, а также лингвокультурологический и семиотический методы. Основные задачи и направления исследования заключаются в раскрытии причин возникновения выраженных региональных различий при наличии общей религиозной основы, а также в определении влияния доисламского субстрата, местных языков и геополитических изменений – политики советской власти в Центральной Азии и на Кавказе и процессов модернизации в Турции – на трансформацию языковых маркеров. В ходе исследования выявляются общие константы и региональные особенности мусульманских эпитафий. Рассматриваются встречающиеся в надгробных эпитафиях сакральные формулы на арабском языке: аяты Корана, хадисы, поминальные формулы и обращения с просьбами о прощении. Анализируются региональные особенности вербальных маркеров понятия смерти в Центральной Азии, в частности специфика употребления тюркоязычных и персоязычных поэтических формул – марсийа. Отдельное внимание уделяется влиянию советской политики на трансформацию языковых маркеров. На материале Турции рассматривается воздействие перехода от Османской эпохи к периоду Турецкой Республики, а также языковой реформы 1928 года, включая переход на латиницу и языковую секуляризацию, на языковые коды эпитафий. Заключение. Основа эпитафического текста сохранила связь с исламскими канонами, однако национальные и языковые особенности находят отражение в многообразии языковых маркеров. Теоретическая и практическая значимость исследования определяется возможностью обозначить перспективные направления дальнейшего изучения данной проблематики.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках грантового проекта Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Значение культурных памятников в исследовании интеллектуальной истории (на материалах эпиграфики некрополей Акмолинского региона)» (ИРН: AP26198545).

Ключевые слова: надгробие, эпиграфика, эпитафический текст, понятие смерти, языковой маркер, общие константы.

¹ Mederova D.E., Nurmanova A.Sh., ³Turarova A.T.
^{1,2,3} R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan
E-mail: ¹ mederovadina@gmail.com, ² aitzhan.nurmanova@gmail.com,
³ arabisty.02@mail.ru

VERBAL MARKERS OF DEATH IN MUSLIM TOMBSTONES: REGIONAL SPECIFICS AND SHARED CONSTANTS (A CASE STUDY OF TURKEY, RUSSIA AND CENTRAL ASIA)

Abstract. This article aims to identify the principal linguistic markers of death by analyzing lexical constructions in gravestone inscriptions and to determine the common and distinctive features of their representation across Muslim monuments in Central Asia, Russia (Tatarstan and Dagestan), and Türkiye. The study's novelty lies in its being the first comparative examination of these linguistic markers across three distinct historical and cultural regions from the perspectives of linguistics, Islamic studies, and history. The source base comprises photographic materials collected by the authors during field expeditions over the past decade in Kazakhstan, Russia (Dagestan, Tatarstan, and the Astrakhan region), and Uzbekistan (Khorezm), supplemented by published research, articles, and books on Türkiye. Employing comparative, content, linguocultural, and semiotic analyses – including frequency calculations of linguistic markers – the study explains the emergence of pronounced regional variations despite a shared religious foundation. It determines how the pre-Islamic substrate, local languages, and geopolitical shifts (including Soviet policies in Central Asia and the Caucasus, and modernization in Türkiye) transformed these linguistic markers. The study identifies both shared constants and distinctive features in Muslim epitaphs. It examines Arabic sacred formulas, including Qur'anic verses, hadiths, commemorative expressions, and pleas for forgiveness. Furthermore, it analyzes the regional characteristics of verbal markers of death in Central Asia, focusing on the use of Turkic- and Persian-language poetic formulas (*martiya*). Special attention is paid to the impact of Soviet policies on these linguistic shifts. Regarding Türkiye, the paper considers the Ottoman and Young Turk periods, as well as the 1928 language reform – including the transition to the Latin alphabet and linguistic secularization – on the linguistic codes of epitaphs. Conclusion. Although the foundation of epitaphic texts remains rooted in Islamic canons, national and linguistic characteristics are reflected in the diversity of their linguistic markers. The theoretical and practical significance of this study lies in its potential to outline prospects for further research in epigraphy and historical linguistics. Acknowledgements.

Acknowledgements. This article was prepared within the framework of the grant project funded by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, “The Importance of Cultural Monuments in the Study of Intellectual History (Based on the Materials of the Aqmola Region Necropolises Epigraphy)” (IRN: AP26198545).

Keywords: gravestone, epigraphy, epitaphic text, concept of death, linguistic marker, shared constants.

Авторлар туралы мәлімет:

Медерова Дина Есиркеповна – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, жетекші ғылыми қызметкер, тарих ғылымдарының кандидаты

Нурманова Айтжан Шаймерденовна – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, бас ғылыми қызметкер, тарих ғылымдарының кандидаты

Тұрарова Аружан Талғатқызы – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, кіші ғылыми қызметкер

Информация об авторах:

Медерова Дина Есиркеповна – ведущий научный сотрудник Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, кандидат исторических наук

Нурманова Айтжан Шаймерденовна – главный научный сотрудник Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, кандидат исторических наук

Турарова Аружан Талгаткызы – младший научный сотрудник Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова

Information about the authors:

Mederova D.E. – Leading Researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Candidate of Historical Sciences

Nurmanova A. Sh. – Chief Researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Candidate of Historical Sciences

Turarova A.T. – Junior Researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies

*Келін түсті 12 маусым 2026 жыл
Қабылданды 10 тамыз 2026 жыл*